

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы N 155 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 мамырдағы N 458 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы N 155 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 8, 71-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Аэронавигация саласында:

әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету; әуеайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету.";

9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әуежайлардың қызметтері:

әуе кемесінің ұшуы мен қонуын қамтамасыз ету; авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

қону әуежайында өңдеуге (тиеуге және/немесе түсіруге) жататын жүктер (почталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне қонғаннан кейін 3 сағаттан және жүк тасымалдайтын және жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификатталған үлгілері үшін 6 сағаттан астам тұрақ орнын беру;

әуе кемесіне базалық әуеайлақта тұрақ орнын беру; жолаушыларды тіркеуге арналған жұмыс орнын (алаңын) беру."

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК